«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«АҚТӨБЕ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«АКТЮБИНСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА»
ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ
«ОТДЕЛ ОБРОЗОВАНИЯ ГОРОДА АКТОБЕ»

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы,
Ясное тұрғын үй алабы 1Г
тел/факс 41- 10-04
email: aktobeom@mail.ru

Республика Казахстан
город Актобе, р-н Алматы,
жилой массив Ясное, строение 1Г
тел/факс 41-10-04
email: aktobeom@mail.ru

БҰЙРЫҚ № 66Н
«01» 09 2021 жыл

ПРИКАЗ № 66Н
«01» 09 2021 год

**«Оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы»**

ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 717 бұйрығы негізінде мектептегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тамақтандыруды ұйымдастырылуына байланысты

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:**

**1.** 2021 жылдың 9 қыркүйегінен бастап жекелеген санаттағы отбасы балаларын ыстық тамақпен тамақтандыру ұйымдастырылсын.

**2.**Мектеп әкімшілігі мен асхананы жалға алушы «ИП Тастыбаева Ш.Х» арасында жасалынған келісім шарт негізінде тамақтандырылсын.

**3.** Мектеп директорының шаруашылық ісі жөнінен орынбасары И.Б. Валиев оқушылардың тамақтануына байланысты міндеттері төмендегіше болып бекітілсін:
- тамақ өнімдерін сақтайтын бөлмелердің және оқушылардың тамақтанатын бөлмелерінің санитарлық жағдайын күнделікті қадағалау;
- асханадағы қолданыстағы заттардың техникалық жағдайын қадағалау, қажет жағдайда ауыстыру,
- қажеттігін жалға алушыға ескерту;

Таныстырылды:

**4.** Медициналық қызметкер М.Б.Усенова оқушылардың тамақтануына байланысты міндеттері төмендегіше болып бекітілсін:
- күнделікті ас мәзірін оқушылардың құрамына сәйкес жасалуын, дайын және шикі тамақ өнімдерінің сапасын тексеріп, бракераж журналын толтырады, тамақ өнімдерінің дұрыс салынуын қадағалайды;
- тәуліктік тамақ өнімінің сақталуын қадағалайды;
- асхана қызметкерлеріне қойылатын гигиеналық талаптардың сақталуын, ас мәзірінің дұрыс берілу тәртібін, қадағалайды;
- тамақ өнімдерін сақтайтын бөлмелердің, тамақ өнімдерінің дұрыс сақталуына, тамақ өнімдерінің сапасының сертификаттарының болуы және сақталу мерзімінің сәйкес болуын қадағалайды;

Таныстырылды:

**5.** Мектеп әлеуметтік педагогы З.М. Тулегенова оқушылардың тамақтануына байланысты міндеттері төмендегіше болып бекітілсін:
- Оқушылардың тамақтануының бекітілген кесте бойынша тамақтануын қадағалау, тамақтанатын оқушылар санын күнделікті уақытында асханаға хабарлау, оқушылардың күнделікті тамақтануының ұйымдастырылуына жауапты.

Таныстырылды:

**6.** Аз қамтылған отбасы оқушылары класс жетекшілерінің тамақтануды ұйымдастыруға байланысты міндеттері төмендегідей болып бекітілсін:
-оқушылардың күнделікті сабаққа қатысымы туралы мәліметті 1 сабақтың басында әлеуметтік педагогқа мәлімдеу, оқушы сабаққа кешіккен жағдайда қосымша хабарлауға міндетті;

- оқушылардың асханада өздерін ұстау тәртібі, уақытында асханаға оқушыларды әкелуге міндетті.
Таныстырылды:

**7.** Мектеп бухгалтері А.А.Абдрахманова оқушылардың ыстық тамақпен тамақтануына байланысты оның міндеттері төмендегіше болып бекітілсін:
- оқушылардың тамақтануы бойынша құжаттарды жеке кәсіпкерден ай сайын сапалы қабылдауды қамтамасыз ету, мәліметтердің нақты дұрыс болуын қамтамасыз ету, оқушылардың тамақтанғандығын растайтын құжаттардың реттелген болуын қамтамасыз етілсін.
Таныстырылды:

**8.** Мектеп ішілік оқушылардың тамақтандырылу жағдайын тексеру, бракераждық комиссиясының құрамы төмендегіше бекітілсін:
1. Ғ. Қаламов – мектеп директоры комиссия төрағасы;
2. Н.Т.Айсин - мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары, комиссия төрайымының орынбасары;
3. М.Б. Усенова - мектеп медбикесі, комиссия мүшесі;
4. Б.А. Маханова – бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі;
5. А.С.Курмантаева – қамқоршылық кеңес төрайымы;
6. А.А.Абдрахманова – бас есепші, комиссия мүшесі;
7. З.М. Тулегенова – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі.
Таныстырылды:

**9.** Мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары Н.Т.Айсин оқушылардың ыстық тамақпен тамақтануына байланысты оның міндеттері төмендегіше болып бекітілсін:
- тамақтану мәселесін жиналыстарда жоспарлы талқылау, тамақ жағдайына тұрақты бақылау жасау;
- мақсатты тақырыптық тексерулерді жоспарлап, өткізу;
- «Тамақтану ата-аналардың көзімен» және оқушылармен «Тамақтану оқушылардың көзімен» тақырыптарында сауалнамалар ұйымдастырып, оқушы, ата-ана көзқарасына мониторинг жүргізіп, зерделеу.

**10.** Бұйрықтың орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Т.Айсин жүктелсін.
Таныстырылды:

Мектеп директоры Ғ.Қаламов